



# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



## Құттықтау

### Құрметті ардагерлер!

Сіздерді ел ризығын еселеген, алтын күздің тамаша мерекесі – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жылда несібелі күздің әдемі күнінде келетін бұл мереке – біз үшін өзіндік орны бар, тамаша мереке. Біз – сонау ықпалы заманнан үлкенді құрметтеген халықпыз. Қазақ халқында қадірменді қариялардың орны қай кезде де төрде. Қазақ қоғамының алтын діңгегі қазыналы қарияларымыз аман болсын. «Қарты бар үй қазыналы» деген, үлкендеріміз барда біз биікпіз, мықтымыз, құдіреттеміз.

Ардагерлердің бірлігі – елдің бірлігі. Халық арасында ауыз су дуалы, өңімесі бәтуалы ақсақалдар барда ел ішінде алауыздықтың орын алмайтыны белгілі.

Біздің бүгінгідей төрт құбыласы түгел тәуелсіз ел болуымыз, ұлт болып қалыптасуымыздың өзі гасырлардан келе жатқан бабалар дәстүрінің өміршеңдігі десек болады. Бұл – біздің сонау гасырлар қойнауынан келе жатқан ұлық дәстүріміз.

Шаруа диқанның білекті сыбанып, жаздайғы несібесін жинайтын айдын басы қарттар күні мерекесімен басталуы да жақсылықтың нышаны іспетті. Себебі қарияларымыз қашанда елдің тілеуқоры, елдегі бірлік пен ынтымақтың бас тамашысы болып келеді.

Сіздер кейінгі ұрпаққа тәрбие беруде және тәуелсіз еліміздің өлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына сүбелі үлес қосыңыздар. Қазірде қоғамның тамыршысындай аудан әлеуетін арттыру жұмыстарына белсене араласып, кейінгі толқынға бағыт-бағдар беріп келесіздер. Сіздердің тағлымға толы өнегелі өмір жолдарыңыз бен ел үшін еткен еңбектеріңіз қандай құрметке де лайық деп білемін.

Сіздерді айтулы мерекемен құттықтай отырып, отбастарыңызға береке-бірлік, дендеріңізге саулық, елімізге тыныштық тілеймін!

Құрметпен, Ардақ ИБРАИМОВ,  
аудан әкімі

## Құттықтау



### Құрметті, аудан тұрғындары! Қадірлі ардагерлер!

Біз – қарттарын сыйлаған, ақсақалды аталары мен ақжарлықты аналарын құрметтеген халықтың ұрпағымыз. Қашанда қарттарымызды қадірлеп, үлкенді ардақ тұтып келеміз. Бұл – біздің сонау ықпалы заманнан келе жатқан ұлық дәстүріміз.

Сіздерді берекелі, мерекелі қазан айымен бірге келген Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қазан айы – шаруа үшін қазыналы мезгіл. Қарттар күні мерекесінің жылдың осындай тамаша мезгілінде келуі де бұл мерекенің мазмұнын ашып, қарияларымыздың қашанда елдің тілекшісі, елдегі бірлік пен ынтымақтың бастамашысы екенін айғақтап тұрғандай.

Қадірлі ардагерлер!  
Сіздердің орындарыңыз қай кезде де жоғары. Сіздер өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде және тәуелсіз еліміздің өлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына сүбелі үлес қосып келесіздер. Қазір де қоғамның тамыршысындай аудан әлеуетін арттыру жұмыстарына белсене араласып, кейінгі толқынға бағыт-бағдар беруде еңбектеріңіз ерен.

Сіздер жүріп өткен жол – елдік пен ерлік жолы. Ардагер әкелеріміз бен аналарымыздың әділдікті, елдікті ту етіп жүріп өткен осынау жолы жас ұрпақты ерқашан ерлікке, Отанды сүйеге бастайды. Сіздерді айтулы мерекемен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік, дендеріңізге саулық тілеймін!

Ізгі ниетпен,  
Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,  
Жалағаш аудандық  
мәслихатының төрағасы

### Тарту



## Көңіл тойып, кәрзеңке толған жәрмеңке

Жәрмеңке. Бұл күнді, яғни молшылық мерекесін елордалықтардың асыға күткені көрініп-ақ тұрды. Базар нарығынан 15-20 пайыз төмен сатылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне тұрғындар таң атысымен келіп алған. Себебі өздерінің білетіндей, биыл өлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы айтарлықтай өсті. Әрине, ешкімді кінәлай да алмайсың, аяқсу тапшылығы белең алған уақытта бау-бақша баптау кімге болса да оңай емес. Десе де еңбекті жанына арқау еткен Сыр шаруалары биыл да жоқтан бар жасап, біраз өнімге көнелген. Енді жаз бойы сол баптап өсірген өнімдерін халықпен бөлісуге ерке Есілге келіп қалған жайы бар. «Бірлік түбі – береке» деген ұстанымға берік Сыр халқы жәрмеңкені арқа-жарқа көңіл-күймен той іспетті атап өтті.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

### Маман мерейі



Қыдырәлі Бекетов,  
еңбек адамы:

## Адал еңбек абырой биігіне көтереді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды» деген еді.

Әрине, әр саланың өз қиындығы мен қызығы болады. Кәсібінің шебері болу – әрбір азаматтың кәсібіне деген жауапкершілігінен бастау алары сөзсіз. Мезгілдің қолайсыздығына қарамайтын, қоғамға қайтсем де пайдан тисін деп жүретін еңбек адамының қызметі ерен. Дәл осындай еңбегімен ел алғысына бөленіп, ауданның көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірі – аудандық ветеринариялық станциясындағы Мәдениет ауылының ветеринар дәрігері Қыдырәлі Бекетов.

Ол 1963 жылы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Ауылда өскен соң ба, бала кезінен мал бағып, төрт түлкінің бабын жасаған. Сөйтіп мектепті бітірген соң Қызылорда совхоз-техникумына «мал дәрігері» мамандығы бойынша оқуға түсіп, білімін жалғастырады. Оны үздік бітірген соң

ауылына оралып, 2 жыл әскери борышын өтеуге аттанады.

Ол әскерден оралғасын еңбек жолын туған ауылында совхоздың өндіріс бригадасында қарапайым жұмысшы болып бастайды. 2012 жылдан бастап мал дәрігері ретінде М.Шәменов, Мәдениет елді мекендерінде қызметін жалғастырады. Еңбек адамы сол уақыттан бастап аудан әлеуеті үшін тынбай еңбек етіп келеді.

Кез келген жұмысқа нәмісқорлықпен қарау – табиғатыма жат дүние. Бала кезімнен төрт түлкіге жақын өскендіктен болар, сүйікті ісімнен бір елі ажырағым келмейді. Адал еңбектің арқасында жетістікке жетуге болатынын білемін. Міне, талай жыл ветеринария саласында қызмет етудемін. Тынбай тер төгудің арқасында біраз нәрсе үйренгендеймін. Жаңашылдыққа үнемі оң көзбен қарап, өз білімімді үнемі

толықтырып отырдым. Ветеринария саласын дамытуда әлемдік желідегі жаңашылдықтың барлығын бақылап, өзімізге пайдалануға тырысамын. Осылайша жұмысымыз жалғасын табуда. Ұзақ жылдан бері бір мекемеде жұмыс істеп келемін. Өзіме ұнайды, өз ісіммен мақтанамын. Әрбір адам өз жұмысына адал болып, соңына дейін жеткізу қажет. Қай жұмыстың да оңайы жоқ. Кейінгі жастарға да үнемі осыны айтып отырамын. Қиындық кез келген жұмыста болады. Барлығы тәзімділік пен шыдамдылықты талап етеді. Бірақ ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге де болмайды. Адам тұрақты болуы керек. Өзіме ыңғайлы, жалақым да көңілге қонымды. Басшылық тараптан жүрген кейіпкерімнің ісі көпке үлгі. Еңбек адамы бұдан артық не көреді? – дейді кейіпкеріміз.

Асқар тау әкесінің «Балам қандай жұмыс істесең де шын ынтанмен істе,

ешқашан жалқауланба, себебі ол – сенің жейтін наның» деген өсиет сөзін бойына бойтұмар еткен ол жұмысына өте жауапкершілікпен қарайды. Әріптестері «Қыдырәлінің жауапкершілігі мол азамат екенін күнде көріп жүрміз. Ол – сондай-ақ адал немізді, жомарт жан» деп тәтті болады екен.

Бір отбасының тірегі, төрт баланың әкесі Қыдырәлі Бекетовтың еңбегі елеусіз қалған емес. Облыс, аудан басшыларының марапаттары, алғыс хаттары – жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі. Күні кеше Еңбек күні қарсаңында өткен «Адал азамат – Адал еңбек» атты салтанатты шарада облыс әкімінің алғыс хаты мен ақшалай сыйлығын иеленіп, құрметке бөленді.

Иә, адам өз несібесін еңбектен ғана табады. Қолынан келгенін аянбайтын әр адамға еркез сый-құрмет көрсетілуі тиіс. Президенттің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы өте орынды. Өйткені нәпақасын маңдай тер, адал еңбектен тауып жүрген кейіпкерімнің ісі көпке үлгі. Еңбек адамы қашанда қоғамның мақтанышына айнала бермек.

Жандос ЖАЗКЕН



# 2 ҚОҒАМ

## Көңіл тойып, кәрзеңке толған жәрмеңке

Елорда тұрғындарына Сыр өңірінің брэндіне айналған күріші, балығы мен ас тұзы, қауын-қарбызы, ұлттық сусындары жеткізілді. Онда Сыр диқандары мен тауарөндірушілерінің құны 270 млн теңге болатын 600 тоннадан астам 80-ге жуық өнім ұсынылған. Атап айтқанда, 300 тоннадан астам күріш, 6 тонна ет өнімдері, 30 тоннадай балық өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 180 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері бар. Келушілерге ерекше көңіл-күй сыйлау үшін Сыр елі өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама да ұйымдастырылған.

Бұл жәрмеңке бұрынғы жәрмеңкелерден расында бөлек болды. Бұл жолы өнімнің сапасына, бағасына жергілікті тұрғындар тарапынан ешқандай өкпе-назар айтылмады. Керісінше арзан әрі сапалы өніммен сауда жасап қалуды көздеді.

Елорда тұрғыны Нұргиса Мырзатайдың «Алтын күз» мерекесі қарсаңында ұйымдастырылатын жәрмеңкеде ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алып жүргеніне бірнеше жыл болыпты. Ол да жәрмеңкеде барлық өнімнің арзан бағада сатылғанын жасармады, сапаға да көңілі толатынын жеткізді. Өзінің айтуынша, үйіне 3 қап қарпоз пен 1 қап піяз, сондай-ақ жаңадариялық қауын-қарбыз, балығы мен еті бар, біршама



сауда жасап үлгерген. Бір айлығына қыстан қысылмай өтетіндей азығын қамдаған тұрғынның көңілі көтеріңкі. Сыр өлінің ұйымдастырушылардан, шаруа адамдарынан алғысын аямады.

– Сыр өлінің шаруалары Астанаға келіп, жәрмеңке өткізеді дегенде, дереу отбасымызбен қажетті азық-түліктің тізімін жасадық. Несін жасырайық, бұған дейін де бірнеше жыл қатарынан жәрмеңкеге келіп, бірқатар өнім

алып кететінім. Сонда нарықтағы бағадан ондағы өнімдер бағасында айтарлықтай айырмашылық байқайтынмын. Ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде бақша өнімдері мен көкөніс құны айтарлықтай шарықтағанын жақсы білгендіктен шыны керек, биылғы жәрмеңкеден онтайлы баға күтпедім. Өйткені жазда көкөніс, қауын-қарбыз бағасы мүлде түскен жоқ, тіпті дүкен сөресінен таппадық. Бірақ бүгін бұл пікірдің теріс болғанына қуанып отыр-

мын. Мұндағы өнімдер бағасының тым арзан екенін көріп, қысқа, көктемге жететін мол азығымды алдым. Әрине, мұндай шаралар қарапайым халыққа тиімді екені айтпасақ та белгілі ғой. Сыр өлінің басшысына алғысымды білдіремін. Бір сөзбен айтқанда, жәрмеңкеден көтеріңкі көңіл-күймен үйге қайтып бара жатырмыз, – дейді Астана тұрғыны.

Астаналықтар бұрын ауылдағы ағайынға өтініш айтып, ауыл шаруашылығы өнімдерінен ауыз тисе, кешегі жәрмеңкеде елордалықтар өздері саудагермен бетпе-бет сауда жасауға мүмкіндік алған.

Сыр өлінің күрішін айтпасақ та белгілі, түрлі сурлы бар. Жәрмеңкеге отырар базарына түскендей әсер аялық деп тәтті болса керек. Бірі «Жаңадарияның қауыны қайда?» деп айқай салса, енді бірінің «Дихан ата күрішін аламын» деген дауысы жәрмеңкенің ұранына айналған.

Жалпы аймақтың аграрлық саласында бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Осы жылдың 8 айында ауыл шаруашылығында 58,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім

көрсеткіші 2,1 пайызға артқан. Биыл 190 мың гектарға жуық жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналас-тырылса, негізгі дақыл күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құраған. Егісті әртарапандыру бағытында 2,6 мың гектарға, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 4,4 мың гектарға дақылдар егілген.

Егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Қазір облыста егін жинау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінде егілген 85,6 мың гектар күріштің 50,3 мың гектары орнылып, 42,7 мың гектары бастырылған. Әр гектардан орташа есеппен 52,1 центнерден өнім алынуда.

Сонымен қатар мал шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жолға қойылып, нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда ірі қара мал басы 36,6, қой мен ешкі 22,3, жылқы 0,1, түйе 4,3, құс 7,7 пайызға көбейген. Мұнан бөлек өңірдің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Бүгінде Сыр өлінің ауыл шаруашылығы өнімдері өлемнің 16 мемлекетіне экспортталуда. Экспортталған өнімнің басым бөлігі – күріш. Ол Ресей, Беларусь, Өзбайжан, Тәжікстан, Украина, Моңғолия, Өзбекстан және Ирак мемлекеттеріне жөнелтілуде.

БАСЫ - BETTE

### Бәрекедді!



## Жеңіс тұғырынан көрінді

Грекияда робототехникадан ең ірі чемпионат «FIRST Global Challenge» өз мәресіне жетті. Қазақстандық оқушылар бірнеше бағыт бойынша көш бастап қана қоймай, 190 елдің арасынан бас жүлдені жеңіп алып, рекордтық нәтижеге қол жеткізген.

Ұлттық құрама үшінші жыл қатарынан өзінің чемпиондық титулын дәлелдеп келеді. Команданың құрамына Алматы қаласының ФМБ НЭМ-ның оқушылары, нақтырақ айтсақ, Ердеулет Түргенбаев, Әлфия Байжақып, Нұржан Көкеев, Досжан Дайран және Қадылбек Дастан енген. Ал жаттықтырушылары – Нұрдеулет Досмағамбет пен Дулат Байтұленов.

«Grand Challenge Award» номинациясы бойынша алтын медаль мен ойындардағы рекордтық ұпай санынан басқа, қазақстандық құраманың жүлде қоры жоғары тәрешілер номинациясында екі күміс медальмен толыққан. Сондай-ақ А.Эйнштейн атындағы «FIRST Global International Excellence» және үздік инженерлік әзірлемелер үшін «Robots Skills Challenge» номинациясын да өткізілген. Бұдан басқа «Эл-Хорезми» атындағы «Outstanding Supporter» номинациясында күміс медальмен отандық USTEM FOUNDATION жас инженерлерге көрсеткен қолдауы үшін марапатталған.

– Біз жарыста топ жарып, өліміздің жүлде қорының алтын медальмен толықтырдық және рекордқа қол жеткіздік. Өлемнің бірде-бір елі екі дүркін чемпион бола алмады, ал біздің оқушыларымыз үшінші жыл қатарынан жеңіс тұғырынан көрінді. Айта кету керек, команда құрамы осы жылдарда қайталанған емес, өліміздің намысын қорғауға әр жарысқа үнемі жаңа ойыншы аттанып отырады, олар сайыстың ұлттық кезеңінде іріктелуде, – дейді қордың негізін қалаушы және құраманың жаттықтырушысы Асылбек Мұрзахметов.

Қазақстан 2022 жылы Женевада, бытыр Сингапурда жеңіске жеткен болатын. Ұлттық құрама Оқу-ағарту министрлігінің, «Дарын» ПФПО-ның, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен робототехникадан іріктеу кезеңдерінде құрылған.

FIRST Global Challenge – олимпиада үлгісіндегі робототехникадан бүкіләлемдік чемпионат. Ол жыл сайын түрлі елде өткізіліп отырады. Бұл – беделді инженерлік додадағы қазақстандық оқушылардың үшінші жеңісі.

«ЖЖ» ақпарат

### Біле жүріңіз

## Бауырдың майлануының алдын алыңыз

Бауыр іштің оң жағында қабырға астынан сәл төмен орналасқан. Бұл – ас қорыту, темір, ағуыз, майлар, көмірсулар мен дәрумендер алмасу процесінде, сондай-ақ токсиндер мен уларды шығаруда маңызды рөл атқаратын көп функциялы орган. Бауыр кезге көрінбейтін майда миллиондаған триллиондаған клеткадан тұрады. Ол тек микроскоп арқылы көрінеді. Біздің ағзамыз үшін бауырдың қызметі өте зор.

Бауырда жүйке талшықтары жоқ, сондықтан ол ауырмайды. Тек бір жағдайда ғана, яғни бауыр мөлшері ұлғайған кезде ауырсыну пайда болуы мүмкін.

Анатомиялық тұрғыдан бауыр ұлпасы қапсуламен қоршалған. Қабырға байланысты оның мөлшері ұлғайған кезде, осы қапсулаға қысым жасай бастайды, ал қапсулада ауырсыну кезінде сезілетін жүйке талшықтары бар. Яғни қапсула созылған кезде бауырда «ауырсыну» басталады. Бұл оң жақ қабырға астындағы жайсыздықпен, ауырлықпен сезіледі. Бауырдың ұлғаятыны соншалық, біз оны қолымызбен сезе аламыз. Жоғарыда жазылғандай, бауырдың өзі ауырмайды, орган орналасқан қапсула ауырады. Енді бауырдың зақымдануы кезінде туындайтын белгілерге тоқталайық...

Бауырдың ұлғаюы оң жақ қабырға астындағы жайсыздықпен сезілуі мүмкін. Көбінесе бұл – тырысатын түйіп ауыратын, бірақ шыдауға болатын ауырсынулар. Өткір ауырсыну органның көптеген ауруына тән емес және көбінесе өттеп тас түзілуі ауруынан туындайды. Бауырдың майлануы кезінде адам қабырға астындағы ауырлықты сезінуі мүмкін. Бұл белгілер бауыр қапсуласының созылуымен ішек пен өт қабы ауруларымен, газ түзілуінің артуымен байланысты болуы мүмкін. Егер бауырдың зақымдалуына қатысты күдік болса, басқа белгілерге назар аудару керек. Бұл орган ауруларының жиі кездесетін белгілерінің бірі – терінің, көздің және шырышты қабырттардың сарғаюы.

Бауыр азаға түскен токсиндерді сүзеді. Негізгі токсиндер көлемі аз болса, бауыр біртіндеп өзін-өзі тазартады. Оның жүктемесін азайту үшін дұрыс тамақтану керек. Алдымен «химиялық» тағамдардан бас тартқаныңыз жөн. Сонымен қатар мамандар таза ауада жиі жаю серуендеуге кеңес береді.

Дене салмағына да көңіл бөлгеніңіз жөн. Артық салмақ болған жағдайда одан арылуға тырысыңыз, зиянды әдеттерден бас тартыңыз. Ішегіңіздің қызметін қадағалаңыз. Осы орайда «ішектің бауырға қандай қатысы бар?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Шын мәнінде бұл органдар бір-бірімен тығыз байланысты. Біз ішкен ас қанға сіңеді. Бірақ алдымен бауыр арқылы өтеді. Порталдық вена жүйесіне токсин неғұрлым көп түссе, бауыр соғұрлым тез ластанады. Сондықтан ішекті таза ұстау арқылы бауырдың жүктемесін азайтуға болады. Жалпы ас қорыту жолын таза ұстаудың ең оңай жолы – суды, көкөніс пен жеміс-жидекті көбірек тұтыну. Нәтижесінде бауырға түсетін токсиндер азаяды, ішек ауруларының да қаупі төмендейді. Сондай-ақ бауыр аурулары кезінде дене қызуы көтерілуі, ауызда ащы дәм пайда болуы, адам қатты әлсіздік сезінуі мүмкін. Егер бұл белгілер пайда болса, дәрігер қабылдауына жазылу керек.

Егер бауырыңыз ауырады деп ойласаңыз, дәрігерге бару керек. Симптомдарды елемей және дұрыс емделмей ауыр зардаптарға, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Биохимиялық қан талдауын тапсыру керек. Ең алдымен бұл АСТ, АЛТ, сілтілі қышқыл, гамма-глутамилтрансферридаза және бұл бауырдың қабыну дәрежесінің көрсеткіштері болып саналады. Егер сілтілі фосфатазаның 2-3 нормадан жоғарылағаны анықталса, АСТ, АЛТ жоғары болса, дәрігермен кеңесіп, бауыр және өт жолдарын УДЗ зерттеулерін өткізіп, дереу гастроэнтеролог, гепатолог, терапевт дәрігер кеңесіне жүгініңіз. Бауырдың зақымдану белгілері пайда болған кезде органға жүктемесін азайту керек, алкогольді, темекі шегуді тыйып, кейбір дәрі-дәрмектен бас тарту керек. Дегенмен маманмен кеңеспей дәрі-дәрмектен өз бетінше бас тартуға болмайды. Себебі мұндай шешім денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.

Гүлжамил БАЙФАНАЕВА, аудандық аурухананың жансақтау бөлімшесінің аға мейіргері

### Кеңес

## Жылу маусымы: қоймада 3540 тонна көмір бар

Осыған дейін облыс әкімінің төрағалығымен жылу беру маусымына дайындық барысы, әлеуметтік нысандар мен тұрғындарды отын қорымен қамтамасыз ету мәселесі қаралып, нақты тапсырмалар жүктелген болатын. Осы ретте аудан әкімі Ардақ Ибраимов жиында тиісті сала басшыларына берілген тапсырмалардың уақытылы орындалып, қазан айына дейін барлық әлеуметтік нысанның 80 пайызын отын қорымен қамтамасыз етуді тапсырды.

Әсіресе білім беру, денсаулық сақтау салалары бойынша ешқандай мәселе туындамауы тиістігін тілге тиек еткен Ардақ Әбдіғалпұрлы аталған бөлім басшыларына қатаң бақылау орнату қажеттігін айтты.

Аудан тұрғындары үшін бүгінге дейін 3 540 тонна көмір қоймаға жеткізілген. Қазіргі таңда 2 090 тонна көмір қоры бар. Сондай-ақ 11 вагон, яғни 770 тонна көмір теміржол арқылы жолда келе жатыр. Аудан әкімі жылу маусымы қатаң бақылауда тұрғанын жеткізіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлына жылу беру маусымында отын қорымен қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлермен бағаны негізсіз көтермеу бағытында түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізуді жүктеді.

Мұнан бөлек жиында күзгі мерзімде әскери қызметке шақырылушылардың және әскерге шақыру пунктінде келмей жүрген, денсаулық



жағдайлары бойынша қосымша тексерілуіне жіберіліп, қайта оралмаған азаматтарды шақыру пунктінде жеткізу бойынша жұмыстарды жандандыру мәселесі пысықталды.

Қазіргі уақытта әскерге өзі сұранып баратын жастар аз, тіпті жоқ деуге де болады. Өкінішке орай, ата-аналар да бұл мәселеге келгенде балдарының шешімін күтпеп, түрлі сылтаумен оларды Отан алдындағы борышын өтеуіне жібергісі жоқ.

Аудан әкімінің айтуынша, ауданда бекітілген меже бойынша биыл 77 азамат жолдануы қажет болса, бүгінде

оның тек 9-ы ғана жіберілген. Бұл ретте Ардақ Ибраимов дұрыс жұмыс үйлестіре алмаған ауыл әкімдеріне ескерту жасады.

Мұнан бөлек жиында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес тұрғындармен жеке қабылдау өткізіп, жоғары тұрған органдармен келген хаттамаларды сапалы орындап, мерзімінде жолдау мәселелері талқыланды.

Аудан әкімі хаттамалық тапсырмаларды орындауда неғұрлым таны-

тып, уақытылы орындамаған бірқатар ауыл әкімдерін қатаң сынға алып, тәртіптік шара көрсетінін жеткізді.

Ардақ Ибраимов меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік мекемелердің бірінші басшыларына облыс және аудан әкімдерінің төрағалығымен өткізілген мәжілістерде берілген хаттамалық тапсырмалардың мерзімінде орындалуын қатаң бақылауға алып, жауапкершілікті күшейтуді тапсырды.

Ақтоты БҰРҚИТБАЙ



Тұлға

Сыр елінен тарих қатпарына атын алтын әріппен жазып қалдырған қаншама тұлғалар түледі. Қазыналы қойнауына құт байланған мекеннің айтулы перзенттерінің бірі Ермахан Қасымов екенін бірі білсе, бірі білмейді.

Оның өнегелі өмір жолы – ұрпаққа ұлағат. Атқарған жұмыстары әлі күнге дейін ел есінде ескеріліп, жақсының ізіндей дәріптеліп келеді.

Е.Қасымов 1915 жылы Шиелі қыстағында дүниеге келген. Мектеп бітірген бойда астық қабылдау мекемесінде лаборант болып еңбек жолын бастаған. Кейін Семей қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, Шымкент облысы Шәуілдір ауданындағы астық дайындайтын мекеме бастығы қызметін атқарды.

1938-1946 жылдары соғысқа қатысып, ел қорғады. Карело-фин шығанағында орналасқан барлаушылар отрядында аэрофото қызмет көрсетуші бөлім бастығының орынбасары болып әскери қызметін өтейді. Олар түн мезгілінде ұшып шығып, жау тылын суретке түсіріп келеді екен. Ержүректің даналықпен үндескен жанның бойындағы байыршылығы сын сағаттарда әрдайым алға жетеледі.

Сұрапыл соғыс енді басталған жылдары барлаушылар отрядындағы медбике Мария Павелқызымен танысты. Сөйтіп жүргенде майдан даласында барлау тобында қызмет ету ісі тапсырылды. Өзіне берілген істі тиянақты орындайтын әдепкі ұстанымы бойынша жұмысын зор жауапкершілікпен атқарды.

Ол ұрпақтарына сол кездегі басынан өткерген қиыншылықтарын айтып беретін. Әскерде ең бірінші орында



Жақсының өнегесі өшпейді

қатаң тәртіп талап етілетінін, атқарған жұмысқа адал болу керектігін үнемі ескертетін.

Жұбайы Мария өз естеліктерінде «Күнде таңертең госпитальға бара жатқанымда аэродромнан келетін кішкене көпір үстінде көретінімін. Сосын «е-бүгін де аман екен ғой» деп шүкіршілік ететінімін. Қасымнан өткен сайын ол маған қарай беретін, біз бір-бірімізді көзқарасымыздан қабағымыздан түсінетініміз» дейді.

1945 жылы соғыс аяқталып, ел мамыражай күнге жетті. Жұрт қатарлы екеуі де бұрынғы тіршіліктеріне қайта оралып, Жеңіс тойымен қатар өз тойларын өткізді. Сөйтіп екеуі қол ұстасып, туған елге оралып, ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Олар қиянқескі ұрыстан аман-есен қалғанын бір-біріне деген боямсыз сезімнің күші деп білетін еді.

Ермахан Қасымовтың майдан даласында, бейбіт күнде көрсеткен ерен ерлігі ескеріліп, «Германияны жеңгені

үшін», «Маршал Жуков», «Еңбек ардагері», Жеңістің мерейтойлық медальдарына, бірнеше мәрте «Құрмет» грамоталарына, басқа да марапаттарға ие болды. Мемлекет басшысының құттықтау хаттарын алды.

Соғыстан кейінгі жылдары туған өлкесіне өсіп-өркендеуі жолында өз қолтаңбасын қалдырып, абыройлы қызмет атқарды. Шиелі аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, астық қабылдау мекемесінің бастығы болды. Әскер қатарына қайта шақырылып, әуе-қорғаныс саласында қызметін өтеді.

Одан кейін Шиелі, Жалағаш аудандық астық қабылдау мекемесінің бастығы болды. Сол кездің талабына сай мекеме ауқымын кеңейтуге, көптеген құрылыстың салынуына жұмыс жасады. Колхозаралық құрылыс мекемесін құруға, малшылардың өлеуметтік жағдайын көтеруге, мал шаруашылығы өнімін арттыруға үлес қосты. Ізгі мұратына жету жолында аянбай тер текті.

T. БЕКМЫРЗАЕВ

Тағзым



Батыр баба ізімен

Қазақстан тәуелсіз ел болып, азаттығын алғанша қанша қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Тарихқа терең сүңгімей, парағы кеше жабылған XX ғасырдың өзінде қазақ халқы кемінде 4 соғыстың алдыңғы шебінде болды. Ал одан әрі үгілетін болсақ, өз жеріне қожа болып қалу үшін қазақтың түп атасы саналатын сақтардан бері қайран жұрттың соғыспаған жауы қалмады ма дерсіз. Тәуелсіз еліміздің осы күнгі азаттығы 1986 жылғы көтерілістен емес, қанша ғасырлар бойы қан кешіп, қайғыға батқан қаралы соғыстардан құралғанын білеміз.

Сондай қиын кезеңдердің бірі жоңғар империясының асығы алпысынан туып тұрған XVIII ғасырдың басында орын алды. Хандық болып қалыптасу жолында көптеген қиындықты басынан өткізіп жатқан қазақ хандығына қаптаған қалың қолымен шабуылдаған жоңғар әскері аз уақытта ұланғайыр жерді басып алып, Ұлытау өңіріне жақындайды. 1710 жылы Қарақұмдағы халық жиынында Кіші жүздің ханы болып Әбілқайыр сайланады да, түменбасы ретінде Бөкенбай батыр (Қажығалы Бөгенбай емес) тағайындалады.

1726-1727 жылдары осы Ұлытау өңірінде, Бұланты өзенінің бойындағы «Қара сиыр» деген жерде жоңғардың қалың қолы қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліп, кейін шегінді. Осы оқиғадан кейін тарих бетінде «Қалмаққырылған» оқиғасы қалады. Тарих қойнауына кеткен бұл жерлерді 1945 жылдары өлкетанушы, археолог ғалым Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар келіп зерттеген. Қанша уақыттан бері зерделеніп жатса да, бұл жерлердің әлі де жасырып жатқан құпиялары аз емес.

«Әлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, елі, жері үшін жан берген батыр бабаларды ұлықтаған ұрпақтары, ел азаматтары 2015 жылы Ұлытау даласындағы, Үйтаста «Бұланты-Білеуіт» соғысына қатысқан батырларға арнап ескерткіш-стелла орнатты. Содан бері Қазақстанның түпкір-түпкірінде жүрген батыр, хандардың ұрпақтары өз бабаларының рухына құран бағыштап, жекелеген ескерткіш тастар орнатуды үрдіске айналдырған.

Аталған ұрыстарға қатысып, қанды ұрыстардың бірін бастаған қолбасшы – Табын-Шөмішті руынан Сәрке батыр Әмірқұлұлы және ел аузында «ақбоз атты, тоз найзалы батыр» атанған Табын, Жақап руынан шыққан Бәйтөз батыр Дәулекеулының, Теке табын руынан шыққан Ақылұлы Жүзжасар бидің ерліктері тарих беттерінде қалды.

Тарихи шежіреге сәл үңілсек, Есенбайдың 6 баласы болыпты. Туғаннан бәйбішенің бауырына салынған Жақап пен бәйбішеден туған Көшейді әкесі бөлмей, бірге өмір сүрген екен. Содан бері ағайын арасында «Көшей-Жақап бір туған» деген жақындықтың жаңа дәрежесі пайда болады. Айтпағмыз, 2024 жылдың маусымында осы Көшей-Жақаптан тараған ұрпақтары (Қазақстанның қай түпкірінде де бар) жиналып, бабалары Бәйтөз батыр Дәулекеулына арнап Үйтастағы стелладан ескерткіш қойды. Содан соң Тереңөзек, Жалағаштағы ағайын-туыс ақылдаса келе баба басына барып мал шалып, құран оқытуға ниет қылады. 2024 жылдың 13 тамызында Жалағаш, Сырдария аудандарында тұратын бас-аяғы 11 адам Ұлытау даласына қарай жол тартты, 400 шақырымдай жолды арқа тастап, жиналған қара диттеген орынға жақын жердегі шаруашылық егесінің үйіне тоқтады. Бұл үй сол Жезқазған өңірінде ертеде қалып қойған рулас Нұрлан ағамыздың үйі еді. Біз жетеміз дегенше ол жерге Жезқазған қаласындағы рулас атамыз Әбдірахман ұлы Әбдіхан өзінің ағайын-бауырларын жинап, қой сойып күтіп отыр екен. Ас ішіп, ауқаттанып алған күннің ертеңіне ағайындар бері жиылып, біз барған орыннан 30 шақырымдай қашықта жатқан ескерткішке қарай жолға шықтық. Батыр бабалардың басына барып, қол жайып аруақтарға құран оқыдық. Тарих, шежіре білетін қариялар батырлардың ерлігі мен батылдығы туралы жастарға үлгі-өнеге боларлық көптеген әңгіме-дастандар айтып, кеуделеріне шам жақты. Бұланты өзенінің аңғары түсіп, естелік суреттер жасап, тарих қойнауынан сыр шертетін тастармен сырласқандай болдық. Нұрлан ағамыз үйіне оралып, тамақтанып әл жинап, Қызылордаға қарай жолға аттандық.

Бұл сапар мен сияқты жастарға өмірлік үлкен азық болатын субелі әңгімелер мен тарихқа үңіле бір қарауға үлкен мүмкіндік болды. Бабамыз Бәйтөз батыр Дәулекеулының жауынгерлік суреті санамда жаңаша жаңғырды. Тарихынан қол үзген ұлттық болашағы да бұлыңғыр болатыны анық. Өткенімізді ұмытпайық, батырларымызды ұлықтайық!

Сұлтанбейбарыс БАҚЫТБЕК, батыр ұрпағы



Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Конференция

Бейбіт атом – береке, бірлік, болашақ



Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде «Бейбіт атом – береке, бірлік, болашақ!» тақырыбында танымдық конференция өтті. Аудандық мәслихаттың төрағасы Әмірзақ Елеусінов модераторлық жасаған жиынға кент тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары мен сала мамандары және ерікті жастар қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты кезекті Жолдауында қазіргі әлемде энергия тапшылығының күшейіп бара жатқанын ескере отырып, атом энергетикасын дамытуға баса мән беру керектігін айта келген болатын. Энергетик мамандар АЭС – ең арзан әрі қоршаған ортаға зиянсыз технология екенін жеткізуде. Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биыл 6 қазанда өтеді.

Конференцияда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық

Әлиев, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова, №38 орта мектептің физика пәнінің мұғалімі Бақытжан Қырғызбай, Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің химия пәнінің мұғалімі Айдана Қонарбай баяндама жасап, АЭС технологиялардың қауіпсіздігі мен артықшылығы туралы мазмұнды ой-пікірлерін ортаға салды.

Елімізге АЭС салу мәселесі бір жыл көлемінде қоғамда ашық талқыланды. Түрлі сарапшылар АЭС не үшін керек және мұның жылу, жел және су станцияларынан артықшылығы қандай? деген сауалға жауап іздеді. Бүгінде елдегі жылу,

жел күш, су және биогаз электр стансасынан өндірілетін электр энергиясы болашақта қоғам сұранысын толық қанағаттандыруға қауқарсыз. Себебі жыл санап сұраныс артып келеді, салдарынан энергия тапшылығы сезіле бастады. Яғни ғалымдар 10 жылда ел тұрғындарының 30 пайызы жарықсыз қалуы мүмкін дейді. Өйткені біздегі бар стансалардан өндірілетін энергия көзі тұрақты емес. Экономиканы ілгерілету үшін Қазақстанға тұрақты энергия көзі қажет. Мамандардың айтуынша, оны тек Атом электр стансасы қамтамасыз ете алады.

E. ӘНУАРУЛЫ


Рейдтік шаралар жалғасуда

Аудандық қоғамдық даму бөлімі, жастар ресурстық орталығы, полиция бөлімі, білім бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Кезекті рейд барысында жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу, беймезгіл уақытта ата-ана бақылауынсыз үй-жайынан тыс жерлерде компьютерлік ойынханалар мен мейрамханада болуларына тыйым салу, көмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге темекі бұйымдары мен спирттік ішімдік сататын кәсіпкерлік нысандарға тосқауыл қою жөнінде заң талаптары түсіндіріліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Айта кетейік, жасөспірімдер арасында болатын құқық бұзушылықтар мен көмелет жасқа толмағандарға қатысты қылмыстың алдын алуға және болдырмауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар аудан көлемінде тұрақты жүргізілуде. Көмелет жасқа толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

салуға әкеліп соғады. Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін болуы заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкел соғады.

– Соңғы жылдары көмелет жасқа толмаған балалардың қатысуымен және оларға қарсы жасалатын қылмыстар көбейді. Мемлекет оның алдын алуда түрлі шараларды қолға алуда. Аудан аумағында түнгі рейдтік шаралар тұрақты ұйымдастырылуда. Себебі



олардың белгілі бір уақыттан кейін жүруі қауіпті. Сондықтан бұл рейдтік шараның мақсаты осындай уақытта өлгідей қылмыстардың алдын алу болып табылады. Алдағы уақытта да осындай шаралар ұйымдастырылады. Себебі кімге болса да қылмыспен, мә-

селімен күрескеннен, оның алдын алған әлдеқайда тиімді, – дейді №31 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахтияр Мұратбек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Балалар топ жарған байқау

Ауданда мектеп оқушылары арасында өткен «Отаным – бақыт ордасы» атты аудандық балалар хор байқауы өтті. Мақсат – вокалды-хордық өнерді насихаттау, дамыту және хор өнеріне жас жеткіншектерді тарту, дарынды орындаушылар мен шығармашылық ұжымдарды іздеу, анықтау және қолдау.

Байқауда оқушылар өздерінің өнерін ортаға салып, жүлделерді сарапқа салды. Нәтижесінде I орынды Әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің «Фараби сазы» хор ұжымы иеленді. Жетекшілері А.Жаңашева мен С.Құлысбаева бұл жүлдені оқушыларының ізденісімен, таланты-



мен байланыстырады.

– Барлық ұжым тыңғылықты дайындықпен келген. Бір сөзбен айтқанда, балалардың өнеріне іштей

риза болдым. Дегенмен қорытындысында қазылар алқасының бағасы ескеріледі. Нәтижесінде біз дайындаған балалар бірінші орын

жеңіп алды. Осындай шаралар көптеп ұйымдастырылуы керек, біз осындай байқаулар мен өнер жарысында балалардың бойындағы талабын шындаймыз. Бүгін де қаншама баланың бойында біз білмейтін қырлары барын байқадық. Бүгінгі жеңісімізді шәкірттеріміз тыңғылықты ізденісімен, бойындағы талантымен байланыстырамын. Осындай жеңістер олардың алдағы үлкен додаларда топ жаруына баспалдақ деп білемін, – дейді А.Жаңашева.

Бұл байқауда ауыл балалары да өздерінің өнерін екенін дәлелдей білді. Мәселен, Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің «Балдәурен» хор ұжымы мен №33 орта мектептің «Балдәурен» хор ұжымы екіні орынды өзара бөлісті. Ал Мәдениет ауылындағы I.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейдің «Болашақ» хор ұжымы мен З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің «Шалапат» хор ұжымы үздік үштікті түйіндеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Салтанатты шара

# Қариялар құрметке бөленді



қоғамда алдымызда ақылшы болып жүрулеріңіз біз үшін үлкен бақыт. Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін, — деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Қазыналы қарттарымызды мерейлі мерекесімен құттықтаған аудан әкімі бірқатар ардагерге құттықтау хатын табыстады.

Бүгінде ауданда 4 мыңға жуық ардагер бар. Олардың 79-ы бастауыш ұйымдарында есепте тұрады. Аудан әкімдігі тарапынан ардагерлер ұйымы мен ардагерлерге әрқазы қолдау көрсетіліп келеді.

Мәселен, жыл сайын аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен

халықтың, ұлттың жемісі. Сіздер жүріп өткен жол — жас ұрпаққа өнеге, ұлағат. Бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймын. — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

Ол шарада кент ардагері Оспан Тәуекелұлы мен Аққұм ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қосым Жүсіпбекұлына «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін табыс етсе, ауыл шаруашылығы саласының ардагері, шежіреші Әміртай Кемелов, элеватор бастауыш ұйым ардагерлер кеңесінің төрағасы Ұлшара Салықбаеваға, және білім саласы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Күлдерай Пірімжанованы «Жалағаш ауданының құрметті ардагері» төс-



ардагерлер спартакиадасы, ардагерлер арасында балық аулаудан жарыс, көркемөнерпаздар байқауы, түрлі мәдени-спорттық шаралар өткізіліп, ардагерлеріміз белсенді түрде қатысып келеді. — Қазыналы қарттар — біздің басты байлығымыз. Бұл мерекенің маңызы да, мағынасы да ерекше. Жыл сайын өсем күзбен қатар келетін бұл мерекенің күз айында тойлануы да тегін еме. Себебі барлық өнім күз айында жемісін береді. Ал қазыналы қарттар —

белгісімен марапаттады. Болашақтың дағын жолында даярлап, кейінгіге берер тәлім-тағылымдары мол қазыналы қарттарымызға арналған шара соңы аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Өскеген ұрпаққа бағдаршам болған қазыналы қарттарымыз аман болсын!

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Адал еңбек — адал адам



## Өнегелі өмірі жастарға үлгі

Еңбек етуді өмірлік ұстанымым деп білетін жандардың өмірде қолы болып, жұлдызы жарқырауы хақ. Бірақ адал жолмен адал еңбек етуді өмірлік ұстанымына айналдырған, бұл күнде жемісін жеп, бейнетінің зейнетін көріп жатқан ардагер ақсақалдарымыздан сұхбат алып, әсерлі әңгіме мен маңызды да мазмұнды әңгіме тыңдауды кейде ұмытып жататын жайымыз бар. Кеше еңбек адамы Найманбек атамның жазудесін, еңбектің маңыздылығы мен мазмұнына тағы да күү болдық.

Еңбек адамына қызмет көрсету төңірегінде Президент өзінің халыққа Жолдауында ерекше атап өткен болатын. Олар өлеуметтік құрылымдардың маңызды бөлшегіне айналуы тиіс. кейіпкерімиздің «Адал еңбек адамы деген кім?» деген сауалымызға берген жауабы оның осы қоғамдағы рөлінің маңызын айшықтап тұрғандай. Бір сөзбен айтқанда, тұщымды ой мен тұжырымды сөзге қанық болдық.

Адал еңбек жолына өміріңіз ернекті жылдары арнай білген, өз еліңде абыройы асқан, ортасында сыйы тасқан ауылдың бетке ұстар азаматы, еңбек адамы Найманбек Байділдаев 1954 жылы 1 қазанда дүниеге келген. 1961-1971 жылдары аралығында №32 орта мектебін тәмамдаған. 1971-1973 жылдары аралығында Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеп, 1976 жылдан бастап савхозда механизатор жұмысын жалғастырады. Осындай адал еңбек ете жүріп, еңбегі бағаланып, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 2001 жылы өзі еңбек еткен салада облыс чемпионы болып, түрлі алғыс хаттармен марапатталды. Кейіпкеріміз адал да қажырлы еңбегінің арқасында көпке сыйлы болды. Оның өнегелі өмірі мен еңбек жолы көпке үлгі болары анық. Бүгінгі таңда жолдасы Гүлнәр «Күміс алқа» иегері атанып, қазір екеуі балалары мен немерелерінің қызығын көріп отыр.

Еңбегінің жемісін жеп, бейнетінің зейнетін көріп отырған Найманбек атамның балалары да өмірден өз орнын тауып, бүгінде бір-бір маман иесі атанып отыр. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деген мақалдың мәні мен мағынасы осы шығар, сірә.

Қазыналы қария адал еңбектің арқасында өзінің қажырлы, қабілетті һәм табанды екенін дәлелдеп қана қоймай, кейінгі буынға да бағдаршам болды. Президенттің қолынан марапат алып, еңбек адамдарының легімен ілесіп келе жатқан жайы бар. Өз аймағында сыйы артан ақсақалдың айтар сөзі тұщымды, атқарған еңбегі мен жеткен жетістігі ұрпаққа үлгі болып келеді.

— Өмірде кім болып жұмыс жасайтының маңызды емес, сол жұмысты қалай жасайтының ерекше маңызыа ие. Осыны өскелең ұрпақ біліп ессе деймін. «Заман ағымы, заманына қарай адамы» деп жатамыз, шындығында барлығы өзіңе байланысты. Адамда қалыптасқан болмыс болады, соған берік болсаң, бойыңа жақсы қасиеттер жинасаң, беріңе қол жеткізесің. Жаңа сөз басында айттым, сенің қандай жұмыс жасайтының емес, қалай жұмыс жасайтының маңызды. Осыны әрбірміз түйсігімізбен түсінгенде ғана кемел келешекке қарыштап қадам басамыз. Президенттің алдағы жылға ерекше атау беруі де ерекше маңызға ие. Демек, болашақта өз ісіне жауапты һәм адал еңбеккерлер ғана көш бастайды. Сондықтан жастарға айтар ақыл-кеңесім, бәсекеге қабілетті болу үшін бірінші бойда адалдық керек, мұнан кейін қарым-қабілет тәжірибемнен келеді, — дейді ол.

«Ердің атын еңбек шығарады» деген сөздің куәсі болған Найманбек атамның сөзінен еңбек еткен адамның сый-құрметі артып, жан-жағына нұрын шашар тұлғалы азаматқа айналатынына кезіміз толықтай жете түсті. Жастарды еңбекке шақыра отырып, еріншектік пен жалқаулықтың ауылынан алыс болып, еңбекқорлық пен табандылыққа жетеледі. Тек еңбек ету арқылы адам өзінің арманы мен мақсаттына жете алатынын анық өрі баса айтты.

Иә, расында еңбек адамы елге сыйлы, ортасында абыройлы, ауыл-аймаққа қадірлі болары хақ. Оған бүгінгі сұхбатымызда кейіпкеріміздің өнегелі өсиетін тындап көз жеткіздік.

Айнур ӘБУБӘКІРОВА,  
Ілияс Қабылов атындағы  
№32 мектеп-лицей мұғалімі

Маман мерейі

## Ғұмырын спортқа арнаған ардагер

Қоғамның өлеуметтік-экономикалық дамуында білім беру жүйесі жетекші рөл атқарады. Білім саласының мамандары жұмыс жоспарына сәйкес мақсат-міндетін айқындап, оны жүзеге асырумен ерекшеленеді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай, білім беріп, тәрбиелеген шәкірттер өмірден өз орнын тауып, білік белестерден көрініп жатса, ұстаз үміті ақталып, еңбегінің қайтқаны. Тәуірбек Алишарипов алдына осындай мақсат қойып, талай шәкірттің шамшырағын жақты. Бүгінде салауатты ұрпақ тәрбиелеуде тынымсыз еңбек еткен ұлағатты ұстазды спортсүйер қауым жақсы біледі.

Ол 1955 жылы 18 тамызда Дәуімбай елді мекенінде дүниеге келген. Аудандағы №123, №202 мектептерінде білім алған. Жастайынан спортқа бейім Тәуірбек 8 жасынан бастап еркін күрес үйірмесіне қатысқан. Спортпен шыңдалған жас жігіт еркін күрестен жарыстарға қатысып, бірнеше рет жеңіске жетті. ҚР спорт мектептері арасында жүлделі орындарды жеңіп алып, 1973 жылы Қазақстан жасөспірімдер спорт мектептері арасында еркін күрестен ел чемпионы болды.

Ұлағатты ұстаз 1973-1975 жылдары Отан алдындағы борышын өтеді. Қайда жүрсе де спорттан қол үзбеді. Қарулы Күштер арасында еркін күрестен Орта Азиялық әскери күштер округінің жеңімпазы атанды.

Арман адамды алға жетеледі. Елге оралған соң ол білімділікті, мейірімділікті қажет ететін мұғалімдік мамандықты таңдады. Ұстаз — тұлғаны тәрбиелеп қалыптастырудың бағбаны. Жас ұрпақты арман жолына жетелейтін білімнің қия шыңына көтеріліп, жүректің батырлығын, сезімнің ақылдығын, мінездің жайлылығын, адам бойындағы асыл қасиеттердің жиынтығын қалыптастыратын ұлы қасиетке ие ұлағатты ұстаз болуды армандады. 1979 жылы Тәжікстандағы мемлекеттік дене шынықтыру институтына оқуға түсіп, түрлі жарыстарға қатысқан ол еркін күрестен ел чемпионы болды. Сөйтіп Бүкілодақтық спорт жарыстарында жамбасы жерге тимей, жүзделі орындарды иеленген жеңімпаз жігіт еркін күрестен спорт шебері атағын қорғап шықты. Тәжік мемлекеттік дене шынықтыру институтын бітірген ол Жалағаш аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы болып еңбек жолын бастады. Аталған мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, әріптестері арасында құрметке бөленді.

Тәуірбек — спорттың еркін күрес түрін жоғары дәрежелі жаттықтырушы. Оның жетекшілігімен аудан, облыс, республикалық жарыстардың жеңімпаздары, спорт шеберлері мен спорт шеберлігінен үміткер жүзден астам де-

режелі спортшы дайындалды. Қазіргі таңда шәкірттерінің көпшілігі спорт саласында қызмет етіп жүр. Солардың ішінде ел намысын қорғаған жеңімпаз палуандар С.Дүйсекенов, Қ.Өлментаев, Д.Әуесбаев, А.Сүндөтбаев, М.Әлайдаров секілді шәкірттерімен мақтанады.

Ол Жалағаш аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы қызметінде жүріп ауыл спортын дамытуға атсалысты. Кент орталығында, ауылдарда спорт алаңдарын, сауықтыру орындарының салынуына себепші болды, қазақша күрес, тоғызқұмалақ секілді ұлттық спорт ойындарын дамытуға үлес қосты. Жыл сайын аудандық «Алтын күз» спартакиадасында ұлттық спорт ойындарының қыс маусымында балық аулау жарыстарын өткізу оның ұйымдастырушылық қабілетін, кәсіби шеберлігін көрсетсе керек.

Алматыға қоныс аударған Тәуірбек Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәнінің аға оқытушысы, бірлестік жетекшісі қызметін атқарды. Оқушылар тақырыпты сапалы меңгеру үшін семинарлық сабақтарды, түрлі интерактивті әдістер мен технологияларды қолданды. Сабаққа қатысушылар экран арқылы спорт түрлерінің жаттығулар көрді. Олардың әдістемелерін қолдану іскерліктерін меңгерді. Мектеп-гимназия аудандық, қалааралық жарыстарда жақсы нәтиже көрсетті. Мектепте спорттың он екі түрін мектепшілік спартакиада жыл сайын өткізіліп тұрды. Сонымен қатар «Алматы қызғалдақтары», «Алтын күз», «Сымбат», «Баскетболдан директор кубогі», «Президенттік сынақ» атты спорттық іс-шаралармен бірге футбол, волейбол, стол теннисі, шахмат, дойбы, мылтық ату жарыстары өтті. Мектеп-гимназияның ұстаздары арасында үлгілі ұстаздар құрметіне спорттың 8 түрін жарыс ұйымдастырды. Сөйтіп білікті мамаң ұлағатты ұстаз Алматы қаласы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасында әдістемелік әзірлемелер бағытында да 1 орын алды.

— Ұлттың жаны таза, санасы сау болуы тиіс. Ол үшін алдымен спортпен



шұғылданду керек. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет. Бұқаралық спорт дамыған жерде ел абыройы асқақтай бермек — дейді Тәуірбек Мырзаханұлы бізбен әңгімесінде.

Ол 2014 жылдан бері қоғамдық негізде «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің Алматы облысы бойынша өкілетті директоры болып қызмет атқарады. Білім және спорт саласындағы жеткен жетістіктері үшін Т.Алишарипов Бүкілодақтық кәсіподақтары спорт қоғамының, ҚР Ғылым министрлігінің, «Дене тәрбиесі» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің төсбелгілерімен марапатталған. ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Құрметті спорт қызметкері», күрестен спорт шебері, ҚР білім қызметкерлерінің «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері.

Аға жаттықтырушы, ардагер ұстаз, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген үлкен шаңырақтың тірегі десе де болады. Жұбайы Нарбу Бадашқызы — жоғары білімді инженер-технолог. Ұзақ жыл Жалағаш аудандық тұрмыстық қызмет көрсету орталығында қызмет көрсетті. Балалары да жоғары оқу орындарын тәмамдап, өмірден өз орнын тауып, ел салада қызмет етеді. Үлкен ұлы Мақсұт — суретші әрі заңгер. Қуанышы — құқық қорғау саласында жеке сот орындаушысы. Айғаның — мектепте

ағылшын тілі пәні мұғалімі. Айбек Алматы қаласы өкімішілігінде қызмет атқарады. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген осы шығар, сірә. Бүгінде Төкеңнің балалары да елдің ертеңіне қажырлы еңбек етуде.

Қазіргі таңда Тәуірбек — Алматы спорт қоғамында дене мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт клубында тоғызқұмалақ, асық ату спорт түрлерін жаттықтырушы. Өзінің ұйымдастырумен тоғызқұмалақ үйірмесі ашылды. Аға жаттықтырушының ізденісі мен еңбегі еш кетпеді. Тоғызқұмалақ үйірмесінің мүшелері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар ҚР чемпионатына қатысып, бірнеше рет жүлдемен оралды. Солардың қатарында тоғызқұмалақ ойынынан спорт шебері Қ.Қалқаев, Г.Шайқамзинава республикалық жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап жүр.

Бір сөзбен айтқанда, құрметті спорт қызметкері Т.Алишарипов — өзінің біліммен, жұмыстағы кәсіби шеберлігімен, жақсы қасиеттерімен құрметке бөленген жан. Спорт саласында қырық жылға жуық қызмет етіп, ғұмырын спортқа арнаған ардагер жастар мен жасөспірімдерді тәрбиелеп, дене саулығын нығайтуға, бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға өлі де еңбек етуде.

Серік БЕРТАЕВ,  
ардагер журналист

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат қолтаңбасында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1540